

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Президентінің кейбір актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 8 желтоқсандағы N 2674 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Президентінің Күзет қызметінің және Республикалық ұланының құрылымдарын жетілдіру және олардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

I. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1992 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 286-құжат; N 24, 591-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-баптың үшінші бөлігіндегі "үкіметтік байланыспен қамтамасыз етеді" сөздері алынып тасталсын;

9-баптың бірінші бөлігіндегі "және үкіметтік байланыс органдарымен" сөздері алынып тасталсын;

10-баптағы "және үкіметтік байланыс әскерлері" сөздері алынып тасталсын;

11-баптағы "және үкіметтік байланыс әскерлерімен" сөздері алынып тасталсын;

13-2 бап алынып тасталсын;

14-баптың 18-тармағындағы "үкіметтік" сөзі алынып тасталсын;

28-баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктеріндегі "және үкіметтік байланыс әскерлерінің" сөздері алынып тасталсын;

II. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілерін өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 30 желтоқсандағы N 1042 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның жергілікті жерлердегі органдары мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынатын әскерлер туралы ережеде:

1.5-тармақтағы "үкіметтік байланыс әскерлері" сөздері алынып тасталсын;

2.2-тармақтың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекетті басқару пункттерінің соғыс уақытында жұмыс істеуге әзірлігін қамтамасыз ету";

2.7-тармақтағы "үкіметтік және" сөздері алынып тасталсын;

4.1-тармақтағы "Үкіметтік байланыс бас басқармасы бастықтарын және" сөздері "бастығын" сөзімен алмастырылсын;

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы Заң күші бар N 2483 Жарлығында:

1-бапта:

бірінші бөлігі "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын үкіметтік байланыспен қамтамасыз етеді" деген сөйлеммен толықтырылсын;

2-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"- Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету";

5-бапта:

бірінші бөлігі "Республикалық ұланның күштері мен құрал-жабдықтарын қатыстырып" сөздерімен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің құрылымына үкіметтік байланыс бөлімшелері мен әскерлері кіреді";

екінші бөлік үшінші бөлік деп саналсын және ол мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Президенттің Күзет қызметінің бастығы лауазымы бойынша Республикалық ұланның қолбасшысы болып табылады";

мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Үкіметтік байланыс бөлімшелері мен әскерлерінің негізгі міндеттері

Үкіметтік байланыс бөлімшелері мен әскерлерінің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларын бейбіт және соғыс уақытында, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде үкіметтік байланыспен қамтамасыз ету болып табылады";

8-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Үкіметтік байланысын пайдалану, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жетілдіру мен дамыту, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде басқа мемлекеттердің үкіметтік байланыс органдарымен ынтымақтасу".

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.
Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ